

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Менің атым Назалы

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.11.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/145868/>

Назалы -қапалы ,ренжулі ,өкпелі деген мағынаны білдіреді .

Ия ,менің есімім Назалы.

Маған анам бұл есімді құжатқа жазған кісілер қуаныштан масайып қате «Назалы»-деп жазып қойғандығын айтқан еді.Десек те мені барлығы Назлы деп атап кеткен .

Назалы деген есім кездейсоқ құжатқа жазылып кеткенмен өміріне өкпесі бар қатулы деп тағдырымды алдын ала бейнелеп тұрған белгідей көрінеді . Бірақ мен жарқын болашақтан еш уақытта үмітімді үзбеймін.

Назлы — Нәзік , сүйкімді, сұлу деген мағынаны білдіреді. Бұл менің Азан шақырылып қойған атым .

Айтпақ болғаным , менің ішімде екі жан өмір сүріп келеді : бірі өте нәзік,жаны сұлу көркем мінезді , жан-жағына шуақ шашып адамдарға сеніммен қарайтын, адалдықты жаны сүйетін Назлы ал екіншісі өзіне көңілі толмайтын,әділетсіздікке ызасы бар , өзінің тұрақсыз ойының кесірінен жапа шегетін Назалы .

- Менің әрі қарай қалыптасуым осы өтпелі жасөспірімдік кезеңнен басталады .Менің таңдауым өмірімнің соңына дейін қандай тұлға болып өсетініме кепілдік болмақ.Екі есім менің ішкі екі сырласым ,өзімді қай жағынан жақсы танып , дами түсетінім өзіме де беймәлім.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.